



Есеп айырысу операцияларын басқару бойынша пайдаланушының басшылығы

Қазақстан



Мазмұны

I. Кіріспе	3
II. Төлем қызметтері.....	4
A. Қазақстандағы төлем қызметтерінің түрлері	4
B. Шығыс төлемдер мен ақша аударымдар.....	5
C. Қолма-қол қаражатты жеткізу жөніндегі қызмет	5
D. Төлемдер – Қосымша Қызметтер.....	5
III. Төлемдер мен ақша аударымдар және кіріс төлемдер бойынша қызметтер.....	8
A. Төлемді алу	8
B. Қолма-қол ақшаны жинау бойынша қызметтер.....	8
C. Citi® Smart Match	10
IV. Есепке алуға жататын өзге факторлар	Error! Bookmark not defined.
V. Қорытынды.....	12

I. Кіріспе

Өз қызметіңізді іске асыру мақсатында есеп айырысу операцияларын басқару үшін Citi банктік өнімдерді дамыту департаментін (TTS) таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Осы есеп айырысу операцияларын басқару бойынша басшылықтың мақсаты сіздерге ұсынылатын қызметтер туралы жан-жақты ақпарат келтірілген басшылықты сіздерге ұсыну болып табылады.

Осы Пайдаланушының басшылығын Шотты жүргізу және қызмет көрсету жалпы шарттарымен (ары қарай - «Жалпы шарттар»), Құпиялылықты қамтамасыз ету және дербес деректерді таратпау туралы шарттарымен (ары қарай-«Құпиялылық шарттары»), қолданылатын Елдік шарттармен, қызмет көрсетуге өтініштермен және Клиентке қатысты қолданылатын тарифтермен бірге қарастырған дұрыс. Жергілікті заңнамаға сәйкес тарифтер мен комиссияларды кез-келген өзгертулер алдын ала келісілетін болады.

Осы Басшылықта Citi және Банк сөздері бір-бірін алмастыратын сөздер болып табылады. Осы Басшылық уақыт өте келе өзгертіле алады және енгізілген кез-келген өзгерістер туралы сіздерге қолданыстағы тұрақты қолданылатын хабарлау арналары арқылы хабарланатын болады.

II. Төлем қызметтері

A. Қазақстандағы төлем қызметтерінің түрлері

- Банк ішіндегі аударымдар: Citi-де Қазақстанда ашылған клиенттер шоттары арасында ақша қаражаттарын аудару.
- Ел ішіндегі ақша аударымдары: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығының (ҚБЕО) төлем жүйесі арқылы жүргізілетін аударымдар, ол ірі және кішігірім сомаларды аударуды қолдайды.
- Нақты уақыт режиміндегі жалпы есеп айырысу жүйесі (RTGS): Өңдеу және есеп айырысу нақты уақыт режимінде (яғни кідіріссіз) және жалпы негізде (яғни бір операциядан кейін келесі операция) тұрақты түрде жүргізілетін төлем жүйесі.
- Автоматтандырылған клирингтік палата (ACH): Citi-ге тиесілі емес қаржы мекемесіндегі шотқа жергілікті клирингтік палата арқылы Citi-дегі шоттан қаражатты аудару үшін пайдаланылатын, ел ішінде жаппай электрондық ақша қаражаттарын аудару жүйесі. Бір операцияның максималды сомасы 5 000 000 қазақстандық теңгені құрайды.
- Халықаралық ақша аударымдары: осындай қызмет Citi клиенттеріне шығыс телеграфтық аударымдар түрінде валюталардың кең диапазонында халықаралық ақша аударымдарын жасауға мүмкіндік береді.

B. Шығыс төлемдері мен ақша аударымдар

1. Клиент Citi-ге төлемді жасау сәтіне қолданыста бар белгіленген банктік стандарттарға сәйкес рәсімделген төлем нұсқауын мыналар арқылы жолдайды:
 - CitiDirect BE® және CitiConnect® немесе
 - SWIFT интерфейсін қамтитын Citi электрондық банктік платформасы
2. Citi тиісті төлем жүйесіне тапсырманы одан әрі өңдеу үшін жолдайды.
3. Төлем жүйесі тапсырманы бенефициар-банкке белгілі жергілікті клиринг рәсіміне сәйкес жолдайды.
4. Бенефициар-банк төлемді алушының шотына есептейді.

Ішкі клирингтік жүйе (ACH) арқылы ел ішіндегі төлемдерді іске асыру үшін бенефициар-банк Қазақстанда болуы тиіс.

Кез-келген алымдар немесе комиссиялар Клиенттің шотынан жергілікті валютада тікелей дебеттеу арқылы алынады. Егер жергілікті валютадағы шотта қаражат жеткіліксіз болса, онда Банк сол сәттегі қолданыстағы Банктік валюта айырбастау стандартты бағамы бойынша Клиенттің шотынан шетел валюта нысаныда қаражатты дебеттейтін болады.

5. Халықаралық төлемдер Клиенттің банктік шотынан қолданыстағы валюта нысанында жүзеге асырылады. Егер Клиент өзінің контрагентімен жасалған валюталық келісімшарт бойынша төлем жасауға ниет білдіретін болса, өзінің теңге

нысанындағы банктік шотынан Клиент теңге нысанында халықаралық төлем жасауға төлем нұсқауын жолдауы тиіс. Бұл жағдайда Банк теңге нысанында Клиенттің шотын дебеттеуін жүзеге асырып, өзі сәйкес нарық үшін орынды түрде таңдаған айырбастау бағамы бойынша одан әрі орындау үшін тиісті корреспондент-банкке төлем нұсқауын жолдайды. Кез-келген себептермен төлем күші жойылған немесе кері қайтарылған жағдайда, сондай кері қайтару сәтінде әрекетті болған корреспондент-банктің айырбастау бағамы қолданылатын болады. Клиент сондай төлемнің күші жойылуы немесе кері қайтарылуымен байланысты барлық шығындарды (валютаны айырбастау бағамының өзгеруімен байланысты комиссиялар мен шығындар сияқты) көтереді.

C. Қолма-қол қаражатты жеткізу жөніндегі қызмет

Citi өкілетті қызметтерді жеткізушінің көмегімен қолма-қол ақшаны «есіктен есікке» шартымен теңгемен, АҚШ долларымен және Еуромен жеткізу қызметін ұсынады.

Қолма-қол ақша қаражатын жеткізу тәртібі

Клиенттің ағымдағы шотынан ақша қаражатын шешіп алу үшін және көрсетілген мекен-жайға алдын ала келісілген уақытта жеткізу үшін Клиент ақша қаражатын жеткізілуі тиіс күнге дейінгі бес банктік күн ішінде қолма-қол ақша қаражатын жеткізуге сұранымның нысанын ұсынып, мынадай мәліметтерді көрсетеді:

- Ақша қаражаты жеткізілуі тиіс мекен-жай.
 - Жеткізілуі тиіс сома.
1. Банк растағаннан кейін қызметтерді жеткізуші Клиентке қолма-қол ақша қаражатын көрсетілген (Citi есептік құжаттамасында көрсетілуі тиіс) мекен-жайға жеткізеді. Ақша қаражатын алудан бұрын Клиент қызметтерді жеткізушінің өкілінің жеке тұлғасын және соманы тексереді.
 3. Қызметтерді жеткізуші Клиенттің ақша қаражатын жеткізу туралы өтінімінің үш көшірмесін Тапсырыс берушіге ұсынады, оған Клиент қол қоюы тиіс. Клиент өзіне қол қойылған өтінімнің бір данасын қалдырады және қалған екі данасын қызметтерді жеткізушіге қайтарады.
 2. Қолма-қол ақша қаражатын алуға арналған орын бес жұмыс күні бұрын Citi-ге тиісті хабарламаны ұсыну арқылы өзгертілуі мүмкін.
 3. Жеткізу мүмкіндігі және жеткізуді орындау уақыты жеткізілуі тиіс қолма-қол ақша қаражатының сомасына және жеткізілетін орынға байланысты.

D. Төлемдер – Қосымша Қызметтер

Citi Payment Outlier Detection (CPOD)

Citi® Payment Outlier Detection – клиенттің стандартты мінез-құлқы үлгісіне жатпайтын транзакцияларды айқындауға арналған, заманауи аналитикалық тәсілдер мен машиналық оқытуды қолданатын шешім. Сондай төлем нұсқаулар тоқтатылып, тиісті өкілеттіктері мен CitiDirect BE® - электронды банкинг жүйесіне қолжетімділік құқықтары бар Клиенттің қызметкерлерімен бағалану үшін бөлек кезекке орнатылады. Сондай бағалау нәтижесінде Клиентпен авторландырылмаған төлемдер айқындалатын жағдайда, сондай төлемдердің күші

жойылуы мүмкін болады. Күші жойылған төлем нұсқаулары Банкке орындалу үшін жолдабайтын болады. Кезектегі қалған төлемдер Банкке одан әрі өңделу және орындалу үшін жолданылуы мүмкін.

Төлем нұсқауы тоқтатылып, ол тексерілу мақсатында кезекке орнатылғаннан кейін лезде, Клиенттің тиісті құқықтары бар қызметкері(лері) ол туралы электронды пошта арқылы хабарланады.

Citi Payment Outlier Detection функциялары:

1. Әдеттегіден тыс транзакцияларды айқындаудың нақтылығын арттыру үшін, Клиент оларды билік етуге құқылы болып табылады әрбір клиенттік шоттың, клиенттің немесе аффилирленген заңды тұлғалардың, ұйымдар немесе бөлімшелердің еншілес компанияларының шоттарының төлемдері тарихы негізінде бірегей базалық профиль құрылады.
2. Әрбір транзакцияға CPOD бұл транзакцияның параметрлері клиенттің тарихты мінез-құлқысынан ауытқу деңгейіне қарай жеке тәуекел-рейтинг (0-100 дейін) береді. Төлем күмәнді ретінде танылып, тексеруге жолданғаннан кейін клиент тәуекел-рейтингтің мағынасын өзгерте алады.
3. Күмәнді төлем айқындалғаннан кейін, Клиенттің тиісті құқықтары бар қызметкерлері электронды пошта арқылы хабарлама алып, оны CitiDirect BE жүйесінде бөлек кезекте қарайды.
4. Расталған әдеттегіден тыс төлемдер- бұл оның дұрыстығы Банктің тиісті құқықтары бар қызметкерлерімен расталып, Банкке орындалуға жолданған төлемдер. Бас тартылған әдеттегіден тыс төлемдер, - бұл Клиенттің тиісті құқықтары бар қызметкерлерімен бас тартылған төлемдер.
5. Әрбір CPOD Online режимінде жұмыс жасайды, күмәнді төлемдер Клиенттің тиісті құқықтары бар қызметкері транзакциямен әрекет еткен сәтке дейін, немесе транзакция Клиентпен белгіленген уақыт кезеңі аяқталғанда кезектен автоматты түрде шығып кеткен сәтке дейін (төменде сипатталғандай) (бұл жағдайда төлем Банкпен расталған төлем ретінде өңделетін болады) күту кезегіне жолданады. Расталған транзакциялар Банкпен өңделеді, бас тартылған транзакциялар – күші жойылады.
6. Клиент ол аяқталғаннан кейін төлем CPOD күту кезегінен автоматты түрде шығып, Банкке өңделуге жолданатын болатын, үнсіз келісім бойынша орнатылған уақыт интервалын өзгерте алады.
7. CPOD Offline режимінде жұмыс жасайтын кезде, күмәнді төлемдер анықталады, бірақ тексеруге арналған күту кезегіне жолданбайды, лезде Банкке орындалуға жолданады. Offline режимінде, CPOD машиналық оқыту алгоритмі оқытылуын және скоринг үлгісін жаңартуды жалғастырады.
8. Күмәнді төлемдер бойынша есептіктер CitiDirect BE 'Reports and Analytics' жүйесінде қолжетімді.

Citi Payment Outlier Detection жүйесінде талдау жүргізілетін барлық төлемдерге қатысты осы түрдегі төлемдер үшін белгіленген, оларды Банкпен орындаудың уақыт шектері қолданылады, және төмендегі сәттен бастап Банкке жолданған болып саналады:

1. Күмәнді ретінде белгіленбеген төлемдерге қатысты, CPOD –мен төлемде талдау жүргізу аяқталған сәттен бастап;

2. Күмәнді ретінде белгіленген төлемдерге қатысты: (i) Клиенттің тиісті құқықтары бар қызметкері тарабынан әрекеттер болмаған жағдайда, клиентпен төлемдерді CPOD күту кезегінен автоматты түрде жолдау үшін белгіленген уақыт кезеңі аяқталған сәттен бастап немесе (ii) Клиенттің тиісті құқықтары бар қызметкері CPOD күту кезегіндегі төлемді мақұлдаған сәттен бастап.

Citi Outlier Payment Detection ақпараттық құрал болып табылатынын және алаяқтықтың кез-келген түрлерін айқындау немесе алдын алудың кепілдемесі болып табыламайтынын атап өткен маңызды.

III. Төлемдер мен ақша аударымдар және кіріс төлемдер бойынша қызметтер

A. Төлемді алу

1. Клирингтік жүйе қолданыстағы клирингтік рәсімге сәйкес Citi-ге төлем тапсырмасын жолдайды.
2. Citi ақшаны Шотқа есептейді.

Citi тарапынан бас тартылған немесе сома қайтарылған жағдайда ақша қаражаты төлеушінің шотына қайтарылатын болады. Қайтару себебі төлеушіге CitiDirect BE® немесе өзге байланыс құралдары арқылы хабарланады.

B. Қолма-қол ақшаны жинау бойынша қызметтер

Citi өкілетті қызметтерді жеткізушісі арқылы қолма-қол ақшаны жинау және «есіктен есікке» тасымалдау бойынша қызметтерін ұсынады. Қызметтерге мыналар кіреді:

- **Қолма-қол ақша қаражатын жинау:** алдын ала келісілген уақытта Клиенттің орынжайынан банкноттар және тиындар түріндегі қолма-қол ақша қаражаттарын жинау және оларды ақша қаражаттарын жинау және қайта есептеу орталықтарына жеткізу.
- **Қолма-қол ақша қаражаттарын өңдеу:** жиналған қолма-қол ақша қаражаттарын арнайы ақша қаражаттарын қайта есептеу орталықтарында есептеу және өңдеу және Клиенттің шотына есептеу.

Қолма-қол ақшаны жинау және жеткізуін ұйымдастыру

1. Клиент ақша қаражаттарын жинап, жеткізу туралы өтінімнің нысанын және жеке нысанды толтырады, онда ақша қаражаттары жиналатын мекен-жайлар, қолма-қол ақша қаражаттарын жинау кестесі және Клиент өкілдерінің байланыстарының тізімі көретіледі. Клиент ұсынылатын ақпаратқа қатысты кез-келген өзгерістер туралы Банкке 5 жұмыс күні ішінде хабарлауы тиіс.
2. Банк қолма-қол ақша қаражаттары жиналып кетуі тиіс мекен-жайларды және ақша қаражаттарын жинау кестесін өкілетті қызметтерді жеткізушіге жолдайды.
3. Қызметтерді жеткізуші Клиентке қолма-қол ақша қаражаттарына арналған инкассаторлық сөмкелерді/қаптарды ұсынады.
 - Инкассаторлық қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін инкассаторлық сөмкелер қызметтерді жеткізушіге қайтарылуы тиіс.
 - Клиент қызметтерді көрсетушіге инкассаторлық сөмкелердің/қаптардың жоғалуы немесе зақымдалуы салдарынан келтірілген шығындарды өтейді.
4. Клиент мамандандырылған қызметтерді жеткізушіге пломбылардың екі үлгісін ұсынады, оларды Клиент инкассаторлық сөмкелерді пломбылау үшін пайдаланатын болады. Пломбыларға Клиенттің атауының бедерлемесі немесе бірегей сәйкестендіру нөмірі қойылады (қызметтерді жеткізушімен келісу бойынша).

Қолма-қол ақшаны жинау рәсімі

1. Клиент қызметтерді жеткізушінің келуіне дайындалады:
 - Клиент бір жинау нүктесінен бір рет шығарған кезде 330 000 АҚШ долларына баламалдан аспайтын сомма шығарылатындай қолма-қол ақшаны есептеуі тиіс.
 - Клиент ілеспе тізімдемені толтырады және қол қояды және үш көшірмесін жасайды. Ілеспе тізімдеменің бір көшірмесін Клиент сөмкенің ішкі қалтасына салады, екінші көшірмесі қызметтерді жеткізушіде қалады және үшінші көшірмесі Клиентке беріледі.
 - Пломбы инкассаторлық құлыпқа анағұрлым жақын орналасатындай етіп, клиент инкассаторлық сөмкені пломбылайды (Пломбыдан шығып тұратын шпагат жіптің ұштары екі сантиметрден ұзын болмауы тиіс).
 - Клиент қолма-қол ақша жиналатын есігі жабылатын, жақсы жарықтанған жабық аймаққа кедергісіз қолжетімдікті, сондай-ақ қолма-қол ақшаны жинау аймағына жақын көлік қоятын жерді қамтамасыз етеді.
2. Уәкілдірілген жеткізушіні қарсы алып, қолма-қол ақшаны жинау аймағына бірге апарды.
3. Клиент қызметті жеткізушінің (инкассаторлық қызметтің) өкілінің жеке тұлғасын (жеке куәлігін және келу картасын) тексереді.
4. Қызметті жеткізушінің өкілі қолма-қол ақша қаражаты бар сөмкесі мен ілеспе құжаттаманы толықтығы мен толтыруының дұрыстығына тексереді. Егер зақымдалған, жыртылған, пломбысындағы бедерлеме нақты емес, ұсынылған құжаттарда санмен және әріппен жазылған сомалар бір-біріне сәйкес келмейтін, инкассаторлық қызметтер туралы өтінімде көрсетілген сөмкелердің саны қолданыстағы сөмкелердің санына сәйкес келмейтін, қойылған қолтаңбалар Клиенттің карточкасындағы қолтаңбалардың үлгісіне сәйкес келмейтін ақша қаражаты салынған қаптарды инкассатор қабылдамайды.
5. Жеткізушінің өкілі Клиент қапқа қоятын пломбыны тексереді және оны ұсынылған үлгімен салыстырады.
6. Клиент келу картасына және ілеспе тізімдемесіне қол қояды.
7. Клиент қаптарды табыстайды және инкассатор ілеспе тізімдеменің көшірмесіне қол қойып, мөртаңба қояды, ол Клиентте қалады.
8. Кетіп қалмас бұрын жеткізушінің өкілі Клиентке ақшаның келесі топтамасы үшін бос сөмкелерді тастап кетеді.
9. Егер жеткізушінің өкілі сөмкені қабылдаудан бас тартса, онда Клиент келу парағына тиісті белгі қоюы тиіс және бас тарту себебін көрсетуі тиіс. Жиналған қолма-қол ақша көрсетілген қолма-қол ақшаны есептеу орталығына тасымалданады.
10. Ақша қаражаттары ақаулы, қолдан жасалған және қабылданбайтын банкноттардың жоқ екені тексеріледі және есептеледі. Банкноталар мен тиындардың түпнұсқалығы мен күйін инкассатор растайды, және Клиенттің шотына ақша қаражатын қызметтерді жеткізуші есептеу нәтижесінде алынған сома есептеледі, және осындай сома кесімді болып табылады.

11. Жалған деп мойындалған банкноталарға немесе тиындарға қатысты инкассатор қолданыстағы заңнамада және ережелерде ұйғарылған әрекеттерді қабылдайды. Клиент осыған байланысты кез-келген шығындар немесе салдар үшін жауапкершілік тартады. Ақаулы немесе қабылданбайтын банкноттарды немесе тиындарды қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім кесімді болып табылады.
12. Егер қолма-қол ақша қаражаттары сағат 15:00-ге дейін (Алматы уақыты) Қолма-қол ақшаны қайта есептеу орталығына жеткізілсе, онда олар Клиенттің шотына сол күні есептелетін болады. Сағат 15:00-ден кейін (Алматы уақыты) немесе демалыс күні алынған барлық қолма-қол ақша қаражаттары Клиенттің шотына келесі жұмыс күні сағат 13:00-ге дейін (Алматы уақыты) есептелетін болады.
13. Егер Клиент шотқа есептелген сома мен ілеспе тізімдемеде көрсетілген сома арасында сәйкессіздікті анықтаса, онда Клиент сома шотқа есептелген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Citi-ге кінәрат-талап келтірілген жазбаша өтінімді жолдай алады.

C. Citi® Smart Match

Citi® Smart Match шешімі клиенттерге алынған төлемдерді күтілетін төлемдер – дебиторлық берешекпен салыстыру үдерісін автоматтадыруға мүмкіндік береді. Citi® Smart Match үш негізгі деректер жиынтығымен жұмыс: (1) онда барлық күтілетін төлемдер жазылған дебиторлық берешек файлы; (2) барлық алынған төлемдердің толық сипаттамасы бар банк клиенттеріне банктік шот бойынша үзінді-көшірме және (3) электронды карта, PDF, EDI және т.б. сияқты және әдетте, төлемді жасаған тұлғаны, сондай-ақ төлемнің мақсатын анықтауға көмектесу үшін банк клиенттерінің серіктестерімен жолданатын ақша қаражаты туралы ақпарат. Бұл деректер жиынтығы Citi Connectivity (SFTP) коммуникациясы және ақша аударымдары туралы деректерді реттеудің әртүрлі механизмдері арқылы беріледі.

Салыстырудың тиімділігі мен шешімнің өнімділігі осы үш деректер жиынтығының қолжетімділігіне байланысты, және Citi Сервисті пайдалану кезінде туындайтын қандай да нәтижелерді кепілдеме ете алмайды. Жасанды интеллект салыстыру үшін әртүрлі деректер жиынтықтарын біріктіреді, ал машиналық оқыту технологиялары шешімге деректердің шаблондарын зерттеп, үйлесу жылдамдығыны оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Барлық салыстырылған және салыстырылмаған төлемдердің толық сипаттамасы бар есептік файлы дәл сондай арналарды қолдана отырып клиентке қайта жолданады. Бұл файл сәтті түрде салыстырылған күтілетін төлемдерді автоматты түрде салыстыру үшін клиенттің ERP-жүйесіне беріледі. CitiDirect BE® жүйесінде орналастырылған пайдаланушылық интерфейс (UI), клиенттерге құжат айналымы бойынша есептіктермен, салыстыру нәтижесімен және шешім өнімділігінің талдауымен құралдарды ұсынады.

Citi® Smart Match-ты енгізу клиенттік IT және клиенттің дебиторлық берешегін салыстыруымен айналысатын бөлімнен кеңес алуды талап етеді, ол клиентпен транзакцияларды өңдеу үдерісін талдау жүргізіп, жобалық ұсыныс қалыптастыруға мүмкіндік береді. Енгізу мерзімдері жобаның көлеміне байланысты 8 ден 12 аптаға дейін болуы мүмкін. Citi® Smart Match дебиторлық берешекті салыстыруда маманданатын және Банктің ресми серіктесі болып табылатын HighRadius Corporation американды fintec корпорациясының технологиясын қолданады.

IV. Есепке алынуға жататын өзге факторлар

Citi қызметтері Шот ашылған сәттен бастап ұсынылады. Клиент оның шоты туралы ақпарат келтірілген сәлемхат арқылы шоттың ашылғаны туралы хабардар етіледі.

Клиент қызметтердің заңнамалық, нормативтік, салықтық салдарын, соның ішінде қызметтерді қолдану барысында туындайтын бухгалтерлік есептілікті жүргізу кезіндегі салдарды өз бетінше бағалайды.

Уақыт уақытымен Банк Клиентке банктік қызметтер бойынша тарифтер жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ басқа рәсімдерді, талаптарды, нұсқаулықтарды, басшылықтарды және қызметтерді пайдаланумен байланысты тәртіптерге, талаптар мен шектеулерге қатысты басқа материалдарды ұсынады.

Төлемдер мен түсімдер клиринг тиісті клирингтік жүйе тағайындаған ережелермен реттеледі. Citi мен оның клиенттері клирингтік жүйенің осындай ережелерін ұстанатын болады.

Citi қате жүргізілген кез-келген өткізбелердің күшін жоюға құқылы, және тиісті шотты дебеттейтін немесе кредиттейтін болады.

Операциялық күн - төлем жүйесінің операторы не көрсетілетін төлем қызметтерін беруші жарлықтарды орындауды тоқтата тұру не мұндай жарлықтарды кері қайтару туралы жарлықтарды, өкімдерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асыратын уақыт кезеңі. Ешқандай бұйрықтар немесе жарлықтар жұмыс уақытынан тыс қабылданбайды.

Операциялық сағаттар - бұл нұсқаулықтардың және қызметтердің түріне байланысты айырмашылығы болуы мүмкін операциялық күн ішіндегі белгілі уақыт кезеңі.

Банк операциялық күні алған барлық жарлықтар мен өкімдер сол күні өңделетін болады. Операциялық сағаттардан кейін алынған тиісті түрде толтырылған жарлықтар немесе өкімдер (соның ішінде салықтық төлемдер немесе бюджетке төленетін өзге төлемдер) келесі операциялық күннің басында алынды деп есептеледі. Операциялық күн ішінде Банк Қазақстан алған толық емес жарлықтар орындалудан бас тартылады.

Операциялық күндер мен операциялық сағаттар туралы толығырақ ақпарат операция түріне байланысты Citi веб-сайтында ұсынылды:

<https://www.citibank.com/icg/sa/emea/kazakhstan/english/assets/docs/operationalday.pdf>

Резиденттер мен бейрезиденттер валюталық операцияларды жүргізген кезде төлемдер мен ақша аударымдарының мақсатты көрсетуі тиіс және ақша аударымдары мен төлемдердің мақсатты қолдануын растайтын ілеспе құжаттарды ұсынуы тиіс. Өкімдерді қабылдау мерзімі Операциялық сағаттарына сәйкес анықталатын болады.

V. Қорытынды

Өз ақша қаражаттарыңыздың айналымын басқару үшін Банктік өнімдерді дамыту департаментін (TTS) таңдағаныңыз үшін сіздерге алғыс білдіреміз. Егер TTS қызметтері бойынша қандай да бір сұрақтарыңыз туындаса, онда клиенттермен жұмыс жүргізу жөніндегі Citi менеджерімен байланысуыңызды сұраймыз.

Банктік өнімдерді дамыту департаменті
citi.com/tts

Осы құжатта келтірілген ақпарат құқықтық немесе салықтық мәселелер бойынша кеңес беру үшін арналмаған, және біз осындай консультацияларды алу үшін өз консультанттарыңызға және осындай мәселелер жөніндегі мамандарға жүгінуге кеңес береміз. Барлық өнімдер мен қызметтер барлық географиялық өңірлерде қолжетімді емес. Ақпаратты рұқсатсыз кез-келген пайдалануға, жаңғыртуға немесе ашуға заңмен тыйым салынады және жауапкершілікке тартылуға әкеп соғуы мүмкін. Citibank, NA АҚШ Ұлттық банк туралы заңына сәйкес жауапкершілігі шектеулі компания ретінде тіркелді және оның бас кеңсесі мына мекен-жай бойынша орналасқан:

399 Park Avenue, New York, NY 10043, USA (АҚШ). Лондондағы Citibank, N.A филиалы, Ұлыбританияда Citigroup орталығында мына мекен-жайы бойынша тіркелген:

Canada Square, Canary Wharf, London E14 5LB, тіркеу нөмірі № BR001018, Қаржылық қызметті жүргізуге рұқсат беруді және оны реттеуді Қаржылық қадағалау және реттеу басқармасы іске асырады.

ҚҚС төлеушінің реттік нөмірі № GB 429 6256 29.

Citi Inc. тиесілі, Нью-Йорк, АҚШ.

© 2018 Citibank, N.A. Авторлық құқықтар қорғалған. Citi және Arc Design бүкіл әлем бойынша пайдаланылатын және тіркелген тауарлық белгі және Citigroup Inc. қызметкерсету белгісі болып табылады.
2018 ж. шілде айы